

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
№ 6 кезекті Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері**

Шымкент қаласы

29.12.2021 ж.

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2021 күнтізбе жылы бойынша есебі мен алдағы стратегиялық міндеттері.

Шешім:

1. Ғылыми істер және инновациялар жөніндегі проректор Керімбеков Ержан Рақымжанұлының есебі назарға алынып, бекітілсін.

2. Ғылыми жарияланымдар мен ғылыми-зерттеулерді ынталандыру мақсатында ішкі грант тағайындау Ережесі дайындалып, келесі Ғылыми кеңесте бекітуге ұсынылсын.

Жауапты: Ғылыми істер және инновациялар жөніндегі проректор. Мерзімі: ақпан, 2022 ж.

3. Ғылыми-зерттеу гранттарына университет ғалымдарының белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін. *Жауапты: кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тұрақты түрде.*

4. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында тиісті бақылау жүйесі ережемен бекітілсін. *Жауапты: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты. Мерзімі: ақпан, 2022 ж.*

5. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

2. Жаратылыстану факультетінің стратегиялық жоспарының орындалуы туралы

Шешім:

1. Жаратылыстану факультетінің деканы Сәулембаев Алтынбай Тағабайұлының баяндамасы назарға алынсын.

2. Факультет жұмысының мазмұны мен сапасын анықтау мақсатында құрылған инспекциялық топтың төрағасы Э.Б.Оразбаеваның есебі назарға алынсын.

3. Профессор-оқытушылар құрамының шетелдік жоғары оқу орындарына тағылымдамадан өтуі ұйымдастырылсын. *Жауапты: ОПК, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тұрақты түрде.*

4. Білім беру бағдарламаларына қатысты пәндер бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқу құралдары мен электронды оқу құралдары дайындау және ҚРБЖҒМ грифіне ұсыну белсенді түрде қолға алынсын. *Жауапты: ОПК, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тұрақты түрде.*

5. Шешімнің орындалуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

3. Физика-математика факультетінің стратегиялық жоспарының орындалуы туралы

Шешім:

1. Физика-математика факультетінің деканы Ибашова Альмира Байдабековнаның баяндамасы назарға алынсын.

2. Факультет жұмысының мазмұны мен сапасын анықтау мақсатында құрылған инспекциялық топтың төрағасы А.Е.Айтбаеваның есебі назарға алынсын.

3. Білім индексінің және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар-дың дамуы бойынша ел индексінің көтерілуіне әсер ететін электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын шығару қолға алынсын. *Жауапты: ОПК, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тұрақты түрде.*

4. Импакт-факторлы халықаралық журналдарда ғылыми мақалаларды жариялау бойынша тәжірибе алмасу үшін ҚР ЖОО жетекші ғалымдарымен онлайн курстар ұйымдастыру. *Жауапты: Ғылыми істер және инновациялар жөніндегі проректор, ҒЗЖ және СҒЗЖ бөлімі. Мерзімі: тұрақты түрде.*

5. Білім беру жүйесінің жетілдірілуіне септігін тигізетін халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық дамытылсын. *Жауапты: Ғылыми істер және инновациялар жөніндегі проректор, ҒЗЖ және СҒЗЖ бөлімі. Мерзімі: тұрақты түрде.*

6. ОПК-ның электронды оқулықтары мен оқу құралдарын шығару қолға алынсын. *Жауапты: ОПК, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тұрақты түрде.*

7. Информатика кафедрасының ғылыми әлеуетін арттыру бағытында жұмыстар атқарылсын. *Жауапты: Информатика кафедрасының меңгерушісі. Мерзімі: тұрақты түрде.*

8. Шешімнің орындалуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

4 Әртүрлі мәселелер

4.1 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселе Ғылыми кеңес құрамына өзгеріс ендіру туралы

Шешім:

4.1 Ғылыми кеңес құрамынан Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Калжанова Алтынай Кенжемуратовна шығарылып, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Жылысбаева Аққоңыр Нүрділләқызы, Тіркеу офисінің басшысы Мамаев Қайрат Серікбайұлы, жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі Тасболат Бекдәулет Бейсенбайұлы ендірілсін.

4.2 Докторанттардың диссертация тақырыптары мен шетелдік ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы

Шешім:

4.2 Докторанттардың докторлық диссертация тақырыптары мен шетелдік ғылыми кеңесшілерін бекітілсін:

	Докторанттың аты-жөні	Докторлық диссертация тақырыбы (үш тілде)	Шетелдік ғылыми кеңесші (Аты-жөні, ғылыми жұмыс орны) қызметі, дәрежесі,
	2	3	4
8D01501-Математика педагогін даярлау			
1	Қаратаев Абай Оңғарбекұлы	Математикалық талдау пәнін оқытуда студенттердің жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Развитие проектно-исследовательской деятельности студентов при изучении дисциплины математический анализ Development of design and	Тожиев Мамаражаб п.ғ.д., профессор Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, Кәсіби жоғары білім министрлігінің «Математика оқыту әдістемесі» бөлім бастығы

		research activities of students in teaching the subject of mathematical analysis	
8D01502 – Физика педагогін даярлау			
1	Кудайбергенова Құралай Байтемірқызы	Болашақ физика мұғалімдерін мектепке STEM-әдісін енгізу үшін даярлау Подготовка будущих учителей физики для внедрения STEM-метода в школе Educating future physics teachers for applying STEM method at school	Червонный Михаил Александрович п.ғ.д., доцент Ресей Федерациясы, Томск қаласы Томск мемлекеттік педагогикалық университеті
8D01503 – Информатика педагогін даярлау			
1	Нахипова Венера Исмаиловна	Білім алушылардың академиялық үлгерімін машиналы оқыту арқылы жетілдіру және оның әдістері Совершенствование академической успеваемости обучающихся через машинное обучение и ее методы Improving students' academic performance through machine learning and its methods	Professor, Dr. Halil Ibrahim Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті
2	Каратаев Нурлан Сагынбекович	Smart-білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері Научно-методические основы обучения учеников начальных классов робототехнике в условиях Smart-образования Scientific and methodological foundations of teaching robotics to primary school students in the context of Smart education	Босова Людмила Леонидовна п.ғ.д. Ресей Федерациясы, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, Математика және информатика институтының «Математика және информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі
8D01505 – Химия педагогін даярлау			
1	Қарманова Әлия Сұлтанханқызы	Болашақ химия педагогтарының цифрлық технологиялар негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру Формирование профессиональных компетенций будущих педагогов химии на основе цифровых технологий Formation of professional competencies of future chemistry teachers based on digital technologies	Professor, Dr. Nusret Kavak Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті

2	Кенже Балабекқызы	Әзиза	Жоғарғы оқу орындарында органикалық химияны кіріктіре оқыта отырып білім алушылардың кәсіби коммуникативті күзінеттілігін қалыптастыру Формирование профессионально-коммуникативной компетенции студентов при интегрированном обучении органической химии в ВУЗах Formation of the students' professional and communicative competence during the integrated teaching of organic chemistry in universities	Журин Алексей Анатольевич, п.ғ.д. Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы Мәскеу мемлекеттік облыстық университеті, Химияны оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры
8D01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау				
1	Кожаметова Намазбаевна	Сауле	Орыс және қазақ тілдерінің тұрақты сөз тіркестерін зерттеудің тарихи-лингвистикалық және лингвомәдени аспектілері Историко-лингвистические и лингвокультурологические аспекты изучения фразеологизмов русского и казахского языков The historical-linguistic and linguo-cultural aspects to the study of phraseological units of the Russian and Kazakh languages	Балясникова Ольга Вениаминовна ф.ғ.к. Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы Ресей Ғылым Академиясының Тіл білімі институты этнопсихоллингвистика секторының аға ғылыми қызметкері
2	Мейірбек Құрышқызы	Нұрсәуле	Вербалды емес қарым-қатынастың лингводидактикалық негіздері: әртүрлі құрылымдық тілдердегі кеңістік пен уақыт Лингводидактические основы невербального общения: пространство и время в разноструктурных языках The linguodidactic foundations of nonverbal communication: space and time in different structured languages	Балясникова Ольга Вениаминовна ф.ғ.к. Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы Ресей Ғылым Академиясының Тіл білімі институты этнопсихоллингвистика секторының аға ғылыми қызметкері

4.3 Қайта даярлау курсы тыңдаушыларының оқу төлемақысын бекіту туралы.

Шешім:

4.3 2022 жылдың қаңтар айынан жаңадан қабылданатын тыңдаушылар үшін оқу төлемақысы 260 000 (екі жүз алпыс мың) теңге көлемінде бекітілсін.

4.4 Әскери кафедрада ақылы негізде оқитын студенттердің оқу төлемақысын бекіту туралы.

Шешім:

4.4. Әскери прокуратураның ұсынысына сәйкес Әскери кафедрада ақылы негізде оқитын білім алушылардың оқу төлемақысы 01.09.2021 ж. бастап 178 900 (жүз жетпіс сегіз мың тоғыз жүз) теңге болып бекітілсін.

4.4.1 Білім алушылардың бекітілген сомадан артық төлемақысы қайтарылсын немесе келесі оқу жылына аударылсын.

4.5 «Математика» кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.к. Н.С.Иманбаевтың «Сборник единых публикаций: «Спектральные задачи дифференциальных операторов с регулярными краевыми условиями» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы.

Шешім:

«Математика» кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.к. Н.С.Иманбаевтың «Сборник единых публикаций: «Спектральные задачи дифференциальных операторов с регулярными краевыми условиями» атты монографиясы баспаға ұсынылсын.

Ғалым хатшы

А.М.Байғұтова